«ЭлитИнвест-Б» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ҚР, ОҚО, Шымкент қаласы,
Қаратау ауданы, 194 квартал №2140
Тел: 87011886334. E_mail: elitinvest_b@mail.ru
БСН:140840023342, ИИК:KZ0396516F0008042236
БИК:IRTYKZKA, АО "ForteBank"

ЭЛИТИНВЕСТ-Б

Товарищество с ограниченной ответственностью «ЭлитИнвест-Б»

РК, ЮКО, город Шымкент,
Каратауский район, квартал 194, №2140
Тел: 87011886334. E_mail: elitinvest_b@mail.ru
БИН: 140840023342, ИИК:KZ0396516F0008042236
БИК:IRTYKZKA, АО "ForteBank"

Шымкент қаласы «15» наурыз 2018ж.

шығ: № 04/12

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

«ЭлитИнвест-Б» ЖШС-ның директоры Б.К.Рсалиевтен

«ЭлитИнвест-Б» ЖШС-гі, «Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі тарапынан мемлекеттік сатып алуы бойынша 05.02.2018 жылы жарияланған №2191166-1 *(«Энзоотиялық аурулардың алдын алу үшін ветеринариялық (инсектоакарицидтік) препараттарды орталықтандырып сатып алу, оларды аудан, қалалардың орталықтарына жергілікті атқарушы органдарына жеткізу бойынша сатып алу»)* аукционға қатысуға өтінім бергенін хабарлайды.

28.02.2018 жылғы №2191166-АУК1 алдын ала рұқсат беру хаттамасында «***1. Техникалық ерекшелікте препараттың қолдану жөніндегі нұсқаулығында белсенді әсер етуші заттың мөлшері, препаратты қолданған кездегі қауіпсіздік шаралары, қолдану тәртібі, қарсы және ерекше көрсеткіштері нақты көрсетілуі және де препараттың құрамында белсенді әсер етуші заты екеуден кем емес инсектоакарицидтерден тұруы тиіс деп көрсетілген. 2. Қазақстан Республикасы Қаржы минстрінің 11 желтоқсан 2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасы» 344 тармағында: Әлеуетті өнім беруші (аукционға қатысушы болып таныла алмайды) аукционға жіберілмейді егер:1) ол негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), мәліметтері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын рұқсаттардың электрондық көшірмелерін не электрондық түрдегі рұқсаттарды (хабарламаларды) ұсынбауы. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариалдық куәландырылған көшірмелерін ұсынады; әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және сатуға құқығын растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін не электрондық құжат түрінде ұсынбауы;»***, деген себептермен аукциондық комиссия мүшелерінің алдын ала дауыс беру нәтижелерімен аукционға қатысуға жіберілмеген.

Біздің тарапымыздан 03 наурыз 2018 жылы осы кемшіліктер бойынша толықтырулар қаралып, «Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясына қосымша шығыс нөмірі №04/07 санды тусініктеме хат жолданған болатын. Жолданған хатта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 9 бабы, 8 тармағының талаптарының сақталмағаны, артық талаптар қойылып, сол артық талаптарға сілтеме жасалып, біздің аукционға қатысуға берілген өтінімге рұқсат берілмеген. 13 наурыз 2018 жылғы №2044284 санды қорытынды хаттамасында біздің аукционға қатысуға берілген өтініміміз жіберілмей, қайтарылғын.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты «Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі тарапынан мемлекеттік сатып алуы бойынша 05.02.2018 жылы аукцион тәсілімен жарияланған №2191166-1 *(«Энзоотиялық аурулардың алдын алу үшін ветеринариялық (инсектоакарицидтік) препараттарды орталықтандырып сатып алу, оларды аудан, қалалардың орталықтарына жергілікті атқарушы органдарына жеткізу бойынша сатып алу»)* «ЭлитИнвест-Б» ЖШС-гінің қатысуға берген өтінімін заңсыз жіберілмеген деп санаймыз.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру, өткізу барысында **Ұйымдастырушы** тарапынан өрескел қателіктерге жол берілгенін хабарлай отырып, аталған мемлекеттік сатып алудың толығымен осы салада белгіленген заң талаптарына сай өткізілгеніне тексеру жүргізуіңізді, қорытынды хаттамасының күшін жойып, қайта қарауыңызды сұраймыз.

Құрметпен "ЭлитИнвест-Б"
ЖШС-ның директоры: **Б.К.Рсалиев**